

Құсайынов С.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

*Қазақстанның ұлы тұлғасы,
академик Қ. И. Сәтбаевтың туғанына 120 жыл толуына арналған*

ҚЫТАЙ МАМАНЫНЫҢ АКАДЕМИК Қ.И. СӘТБАЕВ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІГІ

Мен 1954 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің геология-географиялық факультетінің 1-курсына қабылданып, 3-курстан шет елдермен білім алмасу бағдарламасы бойынша КСРО-ның Жоғары білім министрлігінің жолдауымен Қытай еліндегі Пекин университетіне ауыстым. 1961 жылы аталған университетінің толық курсы бітіріп, қытай тілінде география саласынан диплом қорғаған алғашқы қазақ мамандарының бірі болдым. Елімізге қайта оралған соң ғылыми зерттеулерін Қазақстанның Ғылыми Академиясының Қ.И.Сәтбаев атындағы геологиялық институтынан бастадым. 1978 жылдан бүгінге дейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география және табиғат пайдалану факультетінде ұстаздық қызметін атқарып жүрмін.

Арада көп уақыт өтсе де мен Қытай ғалымдарымен өзара ғылыми байланысын жалғастырудамын. 1989 жылы академик Қ.И. Сәтбаевтың 90 жылдығына арналған конференция қарсаңында маған қытай әріптесімнен хат келді. Хат иесі профессор Чжоу Чаофань біздің атақты ғалыммен бұрыннан танысып, достық қарым-қатынаста болған екен. Ол 1957 жылы Кеңес ғылыми делегация құрамында Пекин қаласында өткізілген халықаралық геологиялық конференцияға қатысқан академик Қ.И. Сәтбаевпен кездесіп, оның жеке аудармашы болғанын жазды. Бұл хатта қытай маманы Қаныш Сәтбаевты жылы құрметпен еске алып, ол кісіден үлгі-өнеге алғанына ризашылық сезімін білдірді. Содан бері біраз жылдар өтті. Қазіргі таңда біз қазақтың ұлы тұлғасы академик Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 120 жылдығын тойлап жатырмыз. Осыған орай бұл хаттың құндылығы мен өсиеті қазақ жастары үшін осы кезге дейін маңызын жоғалтқан жоқ және алар орны ерекше екенін түсініп, бұл хаттың нақты мазмұнын жария ет-

пекпін. Хатта былай деп жазылған:

«Сейіт Ахмерұлы!

Сіздің қарашаның 12-ші жұлдызында жазған хатыңызды желтоқсанның 1-ші жұлдызында алдым. Алыс досымнан хат алғаным өте қуаныштымын!

1957 жылдың күзінде Қазақстан Ғылым Академиясының президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Кеңес Одағы ғылыми делегация құрамында Пекин қаласында өткізілген пайдалы қазбалардың кен орындарын іздестіру жөніндегі 1-ші халықаралық геологиялық конференциясына қатысқан. Сол конференцияда ол Қазақстандағы геологиялық карта түсіру және металлогендік зерттеулер нәтижесі және келешегі туралы мазмұнды баяндама жасады. Қ.И. Сәтбаевтың тікелей басшылығымен Қазақстанның кең-байтақ аумағында әр масштабты геологиялық картографиялаумен қатар, металлогендік зерттеулер жүргізілген екен. Қ.И. Сәтбаевтың баяндамасына Қытай мамандары ден қойып, зор қызығушылықпен тыңдады, өйткені сол кезде бұл елде жалғыз ғана 1: 3000000 масштабты геологиялық карта болатын. Осы конференциядан кейін Қытайдың геологиялық министрлігі Кеңес одағының мамандарын шақырып, олардан әр масштабты іздеу-барлау жұмыстары жөнінде кеңес ала бастады.

Мен ол кезде Қ.И. Сәтбаевтың жеке аудармашысы бола тұрып, оның замануи талаптарына сай геология саласында жаңашылдық әдістеріне көп мән беріп зерттеу жүргізгеніне тәнті болдым. Кеңес Одағының адам, материалдық және қаржы ресурстарына сүйене отырып, Қ.И. Сәтбаев Қазақстан аумағындағы геологиялық зерттеу әдістерін және барлау ісін халықаралық деңгейге көтеріп, бұд салада

алдыңғы қатарында болып саналатын Англия, АҚШ және басқа да батыс елдерді басып озған.

Сол кезде осындай дарынды және өнегелі кісінің аудармашысы болу мен үшін жеке өз басыма үлкен мәртебе болды. Мен оған жиі-жиі сұрақтар қоятынмын. Менің сұрақтарыма жылы шыраймен жауап бере отырып, ол өз алдына менің жұмысыма, оқуыма, тұрмыс жағдайыма көңіл қойып сұрастыратын. Конференция аяқталғаннан кейін біз Пекиннен Шанхайға экскурсияға аттандық. Бізбен қоса басқа да Кеңес, Қытай азаматтары – оншақты адам болды. Жол бойы Қ.И. Сәтбаев тамаққа, қоныстанған орнына онша талғампаз етпейтін, өзінің сыпайы, кішіпейіл мінезін көрсете білді. Бірде бір өзара әңгімелескен сәтте ол мені өз қызына ұқсастығын айтты. Сол кезде онымен бірге жүрген Өзбекстан Ғылым Академиясының президенті Х.М. Абдуллаев әзіл ретінде оған мені өзіне қыз етіп тәрбиелеу тұралы кеңес берді, бұған Қ.И.Сәтбаев: «өте жақсы» - деп жауап қайырды. Осылайша, біз тамаша достық қарым-қатынас күйде сапар шектік. Шанхайда біз көше қыдырып, мұражайлар мен дүкендерді араладық. Қытайда қалыптасқан салт бойынша жас адамдар әрдайым үлкен кісілердің жүктерін көтеруге көмектеседі, мен де Қ.И. Сәтбаевтың чемоданын көтеруге ұсыныс жасадым. Бұған ол Кеңес Одағында әйел адамдардың ауыр зат көтермейтінін ескертті. Сол кездері ол шамасы 60 жасқа толып қалған екен, алайда маған оның денсаулығы біршама мықты, жұмысқа ынталы, іждағатты және еңбекқор болып көрінді. Содан бері қаншама уақыт өтсе де ол кісінің ақыл ой-

өрісі, адамгершілігі, парасаттылығы, кішіпейілдігі, білімдарлығы мен қайырымдылығы менің бар өміріме өшпес із қалдырды.

Мен бүкіл өмірімді Кеңес Одағы мен Қытай арасындағы достықты нығайтуға арнадым. Көптеген кеңес профессорларымен және геолог-ғалымдармен таныс болдым. Қытай геологиялық қоғамы үшін көптеген кітаптарды аудардым. Осы еңбектерім үшін мен Бүкілқытайлық геологиялық бірлестігінің мүшесі болдым».

*Чжоу Чаофань, 25. 03.1989 жыл
Ухань қаласы, Қытай геологиялық
университетінің шетел тілдер
кафедрасының профессоры*

Міне, текті жердің адамы, елге тұлға болған дана, ұлы ғалым, үйде де, түзде де, өз елінде де, шет елдерінде де көрер көзді де, сезер көңілді де ерекше нұрландырып тұратынын байқаймыз. Осылайша академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қытай ғалымдарын қайран қалдырып, өзінің ғылымдағы даралығымен, биік парасаттылығымен, мейірбандылығымен және кішіпейіл мінезімен баурап алып, өздеріне өшпес із қалдырған. Қытай Халық Республикасының мамандары біздің ұлы перзентімізді өз көзімен көріп, ол кісімен аз уақыт болса да тілдесіп қызмет істеп және тиісті жоғарғы бағасын бергеннің өзі біздің Қазақстанның азаматтары үшін және оқып білім алып жүрген қазақ жастары үшін үлкен бір ғанибет.

Төменде профессор Чжоу Чаофаньның маған қытай тілінде жазған хатының бірінші бетінің көшірмесі келтірілген. Мұнда Қ.И. Сәтбаевтың аты-жөні және ата тегін (фамилиясын) Чжоу Чаофань кирилл жазуымен жазған.